

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сот төрағасы
Ж.Қ. Асановқа**

**Қарағанды облыстық сотының
төрағасы Н.Шәріповке**

**Н.Сетпенбетовтен
Қарағанды қаласы**

А Л Ғ Ы С Х А Т

Мен «ZAMAN KRG» МҚБ заңгері болып табыламын. Негізгі атқаратын қызметім қоғамда әлсіз адамдардың заңды мүделерімен, көмек беру т.б социалдық сұрақтармен айналысамын. Біздің бірлестіктің мүшесі А.А. Коробаеваның кәмлетке толмаған балаларының орнын анықтау бойынша талап арызын, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесінде орналасқан Қарағанды облысы кәмлетке толмағандардың істері жөнінде мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Е.Х. Баткульдина және хатшысы Нұрсұлтан Сайн қарастырды. Осы аталған азаматтар сот мәжілісі барысында өздерін білікті маман, тек заңға сүйенетін және өте жақсы адам ретінде көрсетті. Судья Баткульдинаның сөйлеу шешендігі мен ақылына және әділдігіне тәнті болдым. Хатшысы Нұрсұлтан өзінің адаммен сөйлесу кезінде сыпайы, кішіпейілдігімен таңқалдырды.

Жоғарыдағыларды негізге ала отырып, Қарағанды облысының кәмлетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Е.Х.Баткульдинаға және хатшысы Н.Сайнға шексіз алғысымды білдіремін және сізден осы адамдарды заң талаптарына сәйкес марапаттауыңызды сұраймын